

**Азаматтардың меншігіне берілетін және ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін ұзақ мерзімді жер пайдалануда болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең үлкен) мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің 2002 жылғы 19 сәуірдегі N 17/6-3 Бірлескен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 24 мамырда N 648 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 23 шілдедегі N 196 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі N 27/11 біріккен шешімдерімен

**Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 23 шілдедегі N 196 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдедегі N 27/11 біріккен шешімдерімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ ҚРЗ Заңының 6-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы "Жер туралы" N 152-ІІ ҚРЗ Заңының 13-бабының 10-тармақшасына және 35-бабының 3-тармағына сәйкес облыстық мәслихат пен облыс әкімі шешім **ҚАБЫЛДАЙДЫ:**

1. Азаматтардың меншігіне берілетін жер учаскелерінің шекті (ең үлкен) мөлшері бекітілсін:

ауылдық жерлерде өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жүргізу үшін суарылмайтын жерде 0,25 гектар және суарылатын жерде - 0,15 гектар;

жеке тұрған үй құрылысы (қалалардың бас жоспарларына сәйкес), бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін - 0,25 га.

2 . < \* >

**Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 6/16-2 бірлескен шешімімен .**

3. Осы шешімнің бүкіл облыс аумағында күші бар және тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

*Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*Облыс әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК